

2010 жылға Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттарына қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жол жүру шығындарын өтеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 12 қаңтардағы N 19/1 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 8 ақпанда N 12-3-254 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 22 тамыздағы N 3-05/221 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011.08.22 N 3-05/221 хаты).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бап 1-тармақ 14-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихатының (IV шақырылған кезекті XIX сессия) 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "Екібастұз қаласының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" N 221/19 шешімінің негізінде және қала азаматтарының жекеленген санаттарына қоғамдық жолаушылар көлігінде жол жүру үшін шығындарын өтеу мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалаішілік қоғамдық жолаушылар көлігінде билет құнының 50% көлемінде келесі санаттағы азаматтарға жеңілдікпен жол жүру құқығы белгіленсін:

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер;
- 2) 3 топтағы мүгедектер;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалы аналар.

2. Осы қаулының 1- тармағында көрсетілген азаматтарға жеңілдікпен жол жүру құқығын бекіту үшін кондукторға (бақылаушыға) міндетті түрде келесі қ ұ ж а т т а р ұ с ы н ы л у ы қ а ж е т :

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер үшін - зейнеткерлік куәлігі;
- 2) 3-топтағы мүгедектер үшін - мүгедектігі туралы куәлігі;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалы аналар үшін - көп балалы аналардың мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатынын растайтын "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Павлодар облыстық филиалының Екібастұз қалалық бөлімшесінен (келісім б о й ы н ш а) а н ы қ т а м а .

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" (С. Ә. Арыстанов), "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемелері (Л. П. Векшина), "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Екібастұз диспетчерлік қызмет орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен (Т. В. Шерстюк), әрі қоғамдық жолаушылар көлігі мен жолаушылар тасымалдауды іске асыратын кәсіпорындармен (бұдан әрі - Кәсіпорындар) (келісім бойынша) бірлесіп, айына бір рет қоғамдық жолаушылар көлігінің маршруттарында азаматтардың жекеленген санаттарының жолаушылар ағынына мониторинг жүргізсін.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Л. П. Векшина) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне пайыздық қатынаста Екібастұз қаласының қала ішіндегі жолаушыларды тасымалдаудың жалпы көлемінде әр Кәсіпорынның қатысуы туралы мәлімет берсін.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С. Ә. Арыстанов):

1) азаматтардың жекеленген санаттарын қоғамдық жолаушылар көлігінде тасымалдау бойынша қызметті өтеу туралы Кәсіпорындармен келісімшарт ж а с а с ы н ;

2) Кәсіпорындарға азаматтардың жекеленген санаттарының қоғамдық жолаушылар көлігінде жол жүру шығындарын осы қаулының 4-тармағына сәйкес әр Кәсіпорынның қатысу үлесі туралы мәліметі бойынша өтеуге есеп а й ы р у д ы жү р г і з с і н ;

3) Кәсіпорындарға шығынды өтеу осы қаулының 5-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген есеп айыру негізінде жүргізсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарда таратылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасарлары С. С. Төлеубаевқа және Н. В. Дычкоға жүктелсін.

Екібастұз қаласының әкімі

Н. Нәбиев